

1 2005  
5831К

Зейнолла  
СЕРІҚҚАЛИҰЛЫ



ШАНАУА







Зейнолла  
СЕРИКҚАЛИҰЛЫ



*Көркемдік ой танымына көзқарас:*

- *талдау*
- *толғаныстар*

“Елорда”  
Астана - 2004

82.512.122.09

ББК 83.3

C37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

**Серікқалиұлы Зейнолла.** Жандауа. Көркемдік ой  
**С 37** танымына көзқарас: талдау, толғаныстар.  
– Астана: Елорда, 2004. – 400 бет.

ISBN 9965-06-344-3

ҚР Мемлекеттік және Халықаралық "Алаш" сыйлықтарының лауреаты Зейнолла Серікқалиұлының бүл жинағына ғылыми-көркемдік дүниетаным ерекшеліктері туралы жүртшылықта танымал еңбектері мен әр түстарда – әсіресе кейінгі жылдары мәдени-қоғамдық ойға қозғау салған әдеби-эстетикалық, сын-зерттеу толғаныстары енгізіліп отыр. Автордың "Сын кітабы", " Тағдыр және біз", "Алтын жамбы" сияқты түрлі дербес басылымдарынан сұрыпталып, қос бөлімге топтастырылған ("Киелі құмшарық", "Дүниетану даналығы") сүбелі кітап қалың оқырман қауымға, ұстаздар мен студент-шәкірттерге, кітапхана қызметкерлеріне бағышталған.

С 4603020102-285  
450(08)-04

ББК 83.3

ISBN 9965-06-344-3

© Серікқалиұлы З., 2004  
© "Елорда", 2004

## **ӘДЕБИ СЫН ӘЛЕМІ** (алғысөз орнына)

### **“Парасат” журналы сауалдарына жауап**

Егер пенде баласының ең алдымен адамгершілік мәйегі түзу шалқып, соған лайық білім-парасат байлығы жерге қарастып кетпейтіндегі қорлы болса, қайсарлық деген – ғажайып қасиет. Анау-мынау құйкентай тауқымметінди, жан тыныштығын қекsep, жағдайға бейімделу мүмкіндігін – бірін де қаперіне ілмейді. Босқа арам тер болмай, өз арман бастауын, мұратмақсатын о басынан дұрыс бағдарлай алса, тұптің тубінде көздеген межесінен тұра түсетіндер әдette дәл сондай “қыңыр” мінез бірбеткей баһадүрлар қатарынан ғана шығады. Жалпы, әдеби сын жаратылысында да осыған үқсас бірденелер бар...

Салыстыру шарт емес, он саусағындаі айқын ақиқаттың өзінде, сөз ретіне қарай тек солай сөйлеуіне тұрткі болып, дәлірегі – мәжбүр етіп, тағдырын сабактас қайсыбір адамдарға байланысты бір-жар ащылау деректерді айтқызып алып, Сайымжан Еркебай – “Парасат” журналының тапсырмасымен көркем сынға қатысты азын-аулақ сауалдар қойған. Өз мінезі де кейде қасқайып желге қарсы біткен қарағайдың бұтағындаі, бірде келісіп, бірде кетісіп, бірақ бәрібір тіршілік ырыздығын тен бөлісіп жүрген, мен білетін нағыз қайсар қаламгерлердің бірі. Құдайдың құтты құні әлдебір пікірінмен жұлдызы жараспаса, өз дегенінен қайтпай, тістесіп тұрып алатаын. Ал, бұл жолы күтпеген жерден ат басын дереу бұрып жіберген. Соншалық бір салмақты байыптылықпен, анда-санда бедірейіп бетіңе бір қарап қойып қана, негізінен моп-мо мақан отырған. Мен шөп басын (Жұмекенше – шырпы басын) сындыру керек деп ойладым.

Ал, ол:

– **Мен өз басым көркем әдебиет пен әдеби сын егіз деп ойламаймын. Зәке, егер менің пікіріммен келіссеніз, осы екеуін сабактастыра әңгімелесеңіз, – деді.**

– Орыстың белгілі жазушыларының бірі Л.Леонов сонау бір жылдарда, қаламгерлік құдіретін әлемге әйгілеген кезеңде әлдебір сұхбатында: “Сүйген адамынан ғана сұлу бала туады”, – деген екен.

Әр жазушының өзінің дәл солай жанымен беріліп, жақсы билетін сүйікті тақырыбы, төл кейіпкері болуға керек. Шын

болсын, шамалап болсын, олар сол тақырып пен кейіпкерді егжей-тегжейлі білемін, түбегейлі зерттегенмін деп ойлады. Ал, сыншының жағдайы бұдан ғері басқашалау. Оның да куретамыр өз тақырыбы, сара жолы болады. Бірақ жағдай талап етсе, мына тақырыпты мен сүйемін, не сүйемеймін деп сараптап жата алмайды. Сыншы пікірі қаламгер туындысына қайткен күнде де “тәуелді”, сонымен қатар жазушының алға қойған тұғырнамалық мақсат-мұддесін дәл тауып, шеберлік, сұлулық әлеміне әділқазылық төрелік айту – бірден-бір парзызы. Бұл жерде әңгіме біткен еңбекті тек түсіндіру қамында ғана емес, сыншының талғам-танымымен шығарма мазмұнинан өсіп-өнетін мұлдем жаңа дүние жайында болуға тиіс. Меніңше, әдеби шығарма мен әдеби сындағы жұп жазбас терең байланыс та, керегар қайшылық та осында. Және бұны біз сыншының негізгі, қасиетті жауапкершілігінің бірі деп үгүймыз керек.

– **Арада отыз жылдан астам уақыт өтсе де, алпысыншы жылдардың басындағы жүртшылық назарын өзіне айрықша аударған батыл да өткір әдеби сынның ерекшелігіне, оқырманды неліктен елеңдеткеніне, қандай себеп-салдардың түрткі болғанына тоқталсаныз. Және алпысыншы жылдардағы орыс әдебиетіне қатысты “жылымық” деген үғым бар. Бұны олар мемлекет тарапынан болған аз-кем еркіндік-женілдіктің нәтижесі деп түсіндіреді. Қазақ әдебиетіндегі сол тұстағы әдеби сын еркіндігін біз де солай түсінуіміз керек пе?**

– Алпысыншы жылдары батыл сындардың дүниеге келуіне бірнеше себептер бар. Оларға тоқталмас бұрын, сіз қозғаған “жылымық” мәселесіне бірден жауап бере кетейін. Біздегі сынның батыл әрекетке көшуі тек сол шамада Ресейде қылаңытқан “жылымық” женілдігіне ғана байланысты емес. Бұл тұстағы құтты қадамды қазак әдеби сыншыларының іштей ширықкан өзіндік дүние танымы мен түйсігінен шығаруымыз керек. Біз сол кезде әдебиеттің сын майданында қызмет еткен ат тәбеліндей азаматтардың қалыптасқан, жаттанды үғымдардан взгешелеу түсінігін, ең алдымен, олардың сындағы арожданының белгілі бір межесі деп білеміз. Қазақ әдебиетінің сол кездегі серпілісінің өзі мейлінше елеулі болатын. Қомақты-қомақты ойлы шығармалар дүниеге келді де, байыпты да байсалды, көшелі сынды уақыттың өзі талап етті.

Алпысыншы жылдары соғыстан кейінгі он-он бес жыл өткен соң бақуатты барша әulet ес жиып, етек жапқан жауапты кезең еді. Ересектермен бірге қаршадайынан талай қынышылықтарды басынан өткериң үлгерген көкірегі ояу, көңілі ашық оқыған, өрімтал азаматтар еңсесін көтеріп алып, оң-солын танып, өмірге де, әдебиетке де, мәдениетке де сын көзбен бағдарлай қарап, өзінше қорытынды жасай бастаған. Батыл да

байыпты сыншыларды осы күрделі кезең жарыққа шығарды. Халықтың сана-сезімі есейген кезде оған бәрінен бұрын рухани байлық керек-ақ. Ал, рухани игілік қашан да зиялғы азаматтар арқылы баянды болатыны хақ. Сондықтан, ел қамын, халықтың рухани игілігі мен туған әдебиетінің болашағын ойлаған тынымсыз жандар қол қусырып қарап отыра алмады.

Дәлірегі, өз мәдениеті мен әдебиетін бағдарлауда дәл осы тұста, көзі жеткен, жаза баспай таныдым деген әр мысқал шындығы жайында үйреншікті, табиғатында бейкүнә қарсыластарымен қайшыласа отырып-ақ, қайсаrlықпен өз сөзін айтуға тырысқан жаңа бір үрпақ даараланып дүниеге келді десек, қателеспейміз. Артық-кемі, өзінен алдыңғылар алдында бет тырнау сияқты көрінген сөттер болса, төреші уақыттың өзі оның кедір-бұдырын жонып, ыскылап, есесіне ширата берген, шынықтыра берген. Және бұл үрпақтың ерекшелігі – ...ашу, білімін жетілдіру жағына айрықша ден қойып, өз ырысын өзге есейген елдер дәрежесімен салыстыра салмақтау арқылы өмірге де, әдебиетке де жаңаша қарай білгені, сол сезінген, түйінгенін, бағзы бір құлаққа кереғарлау пікірлерін бүкіл оқырман қауымға дер мерзімінде жеткізе алғаны. Заман талабы (жаңағы “жылымықтың” да, әрине, сеп болғаны) көптеген сыншыларды, ең бастысы, байырғы бүйірі, таптаурын жолдан шығарып, өмір мен әдебиетті бірегей тұтастыққа қабылдауға баулыды. Олар, бәрінен бұрын, өнер шындығын халықтың салт-санасынан, тыныс-тіршілігінен бөле-жармай, мүмкіндігінше жүйелі қарастыруға ат салысты. Өтірік пен шындықтың бетін ашып, бары мен жоғынан шынайы қалпын жеткізуғе тырысты. Тек тер төгіп іздену арқасында, бірденелерді білдім деп тілмарлықтың тар шеңберінде ойлаңып, толғанып қалмай, әркім өз бойына сіңіргенін өзінше пайымдауға қалтқысыз бетбұрыс сол тұстағы оқыған азаматтарды шынында да жерге қаратып кетпей, жалпы дайындықтың белгілі бір дәрежеде болғандығы ғой деп ойлаймын.

**– Дұрыс-ақ, бұны бір десте түсіндіріп өттіңіз. Содан бері де талай жыл өтті, талай туындылар жазылды, талай сындар айтылды. Сол бір алпысыншы жылдардан бастау алған, кейінгі, бүгінге дейінгі кезеңдегі көркем сынның ҳал-ахуалы енді қалай деп ойлайсыз?**

– Балықтың жаратылышынан мылқау екендігіне көз жеткізу үшін тұңғырыққа сұнгіт, су астында тыңдылап көру шарт емес. Ал, табиғатынан ырыздығын ашиқтан-ашиқ сырластыққа жазған сын уақытша үнсіз қалғаның өзінде, оның дем-тынысын тыңдай білер құлақтан гөрі жүрек керек. Сынның да түрлі себептермен тілі байланып, көмейі ашылған тұстарын түген-деп, санамалап жатпай-ақ қоялық. Сіз де, біз де оның талайын – жарқыраған жалынын да, жер шүқыған жасығын да көрдік,

куә болдық. Өзіңіз айтқандай, бұл екі ортада талай кітаптар жарық көріп, талай сындар жазылды. Сынның өзі сынға ұшыраған сәттері аз болмаған. Өмірдің қайшылыққа толы табиғи жаратылысына жүгінсек, мұны түсіндіру қыын емес. Сыналуға сұранып тұрған солқылдақ сын сыналуы заңды. Бірак, сын мен шығарманың шынайы бағалануына көптеген қиянат-кедергілер кездескенін де жасырмаямыз керек. Және бұның көбі шартты, buquerque кедергілер еді.

Адами қоғам пендешілдіктен, бақайесептен, тіпті кәдімгі тоқпейіл надандықтан арылып болмаған жағдайда “ойбай, бізге қатал сын керек” деп жар сала беріңіз, түтеп келгенде сол желлінісіңіздің өзі жалғандыққа саяды. Сын естуге әдетте кім соншама құмартып, құлшынып жүреді дейсіз. Қебінекөп көзсіз пендешілдік билеп, буынын алғанда адам баласы әлсіз. Тіс қайрасудан түк шықпайтынын білгендейдіктен де одақтасып, қандай бір айла-шарғының жымысқылау, епті түрімен әйтеуір бір қыбын келтіріп, қайткенде де өз абыройын “корғап қалу” қамына кіріспей отыра алмайды. buquerque кедергінің бедірейіп астыртын беттен ұратын сәті осы. Әйткенмен, анау балықты сумен тұншықтыра алмайтынымыз сияқты, тізгіні түзу сынды да қағажу көріп, тілі күрмелген тұстарда сыртқы әсермен, тізеге салып біржола тұншықтыру мүмкін емес еді. Әсіресе, дария мақұлығы үшін су қашшалықты қажет болса, сынға шынайылық та соншалықты қажет. Сынға да тыныс керек. Ал, сынның төл тынысы, оның өз айдын-дариясы – сөз жок, шынайылық, өзіңіз өмір сүріп отырған әдеби ортаны қайткенде де әділ бағалай білу қазылышына ғана тіреледі. Әйтпесе, ғылыми мәртебесінің келешегі үшін әлдебіреулердің қолтығына кіріп, ұжымдасып, не даттауға, не мақтауға құрылған, несібе айырган сынның өресі бір тұтам болмақ.

Сіз тап осыны – “бір тұтамдықты” көрмей жүрген-дей-ақ... Бірак, шынайылық тынысы бәрібір өз мұратына жетпей тынбайды. Сынның айқындауыш хал-ахуалын аз болсын, көп болсын, қалай дегенмен осы қада қазық қасиеттен іздеңгениміз жөн.

Жалпы, таным тазалығы қагидатын дәл осылай пайымдай білген парасатты, білімді азаматтар жоқ емес, құдайға шүкір, баршылық. Айталық, Ғылым академиясы мамандары даярлаган, бір қауым сыншы-ғалымдар толассыз жарыққа шығарып жатқан сүбелі еңбектермен қатар, соңғы жылдарда марқұм болып кеткен Төлеген Тоқбергенов, Асқар Сулейменовтей дарынды қаламгерлердің қазақ әдебиеті тағдырына байланысты терең толғаныстарын еске ала өтпесек, біз оларға қиянат жасаған боламыз.

Көркем сын дүниеге келген көркем шығармамен тығыз байланыста болады, Сәке. Соған орай мен сізге әуелі дәл қазір

баспалардан шығып жатқан, соншалық әдеби құбылыс ретінде айрықша қоғамдық пікір туғызған, шын мәнінде ауыз толтырып, куаныштан жүргегің жарылып, даралап әңгімелсуге тұрарлық ерекше бір шығармаларды атаңызышы дер едім. Содан аргысын көре жатармыз.

**- Шынында да, тап осы межеден – бүгінгі күннің ең сусаған талап-денгейінен шығады-ау деп оқшаулад жалын тартар еш сәйгүлікті атай алмасам не дейсіз?**

– Мен сізге бұл тосқауыл сұрақты айтуга аузыңыз үрреніп кеткен жаттанды қалып бойынша әдейі қойғам. Тұзагыма түсіп қалдыңыз. Түйменің түйе еместігін естен шығарып, жоқтан бар жасап жүретініміз рас. Әйтпесе, керісінше... Әйтеуір бір ерен тұлға, ересен шығарма күту қанымызға әбден үңғылап сіңіп болған. Баяғы бір кездері барлық жағынан мұрат тұтар мұрагиаттық (идеалдық) қаһарманды күтетініміздей. Таба алмадық деп сарқыла саламыз. Жүрек жарылып қуану деген он шумаш жыр мен он беттік көркем әңгімеден де бастала бермей ме? Ең болмағанда, өзініздің Балтакескеніңізге қиянат жасай көрменіз.

Мен сізді түсінемін. Әдеби сыннан да соншалықты бір дараланып танылар ересен кітап, ерен тұлғалар таба алмай, шаршаңқырап отырған шығарсыз. Оқасы жоқ, Әдебиетіңіз қандай болса, сынныңыз да сондай. Ал, осы екі тіршіліктің екеуінен де жотасы қалың, рухы мықты дүниелер көзінізге мұлдем шалынбаса, онда сізге, бізге қолға қалам ұстап қажеті не? Суырылған сәйгүліксіз де табыныңыздың дені құдіретті шығып жатса, онда бәрібір ұпайыңыз түгенделеді. Әйткені, бүгінгі күннің сусаған талап-денгейі деген көптеген көрсеткіштерден тұрады және қолымен, маңдай тер, акыл-ойымен мұратына жетеді. Қоғамдық пікір туғызу да бөлек қоғамның тұра сұранысынан шығады. Бұл арада біз екуміздің құзіретімізден тыс талай түйткілдер бар.

**– Мениң пайымдауымша, дегенмен де, дал қазіргі таңда сын өзінің қуатынан айырылып қалғанға үқсайды. Егер осы пікірге қосылсаңыз, бұның себебі неде деп ойтайдыз?**

– Біз бұл сұраққа жоғарыдағы әңгімелерімізде азды-көпті жа намалап жауап қайырып кеткен сияқтымыз. Дегенмен, індептіп көрелік. Өз сөзінізге қарағанда, қуат – әйтеуір, қай кезеңге келсеніз де, бір тұстары әдеби сынның бойынан бұр атқан қасиет болған гой. Шын өнер тілінде – бұрынғы, кейінгі, өткінші деген үғымдар әрдайым онша өтімді шыға бермейді. Қазіргісінен көнілініз қалса, сырыйп тастап, сол бұрынғы қуатты шағының қадірін сезінуден де (қайталап оқып дегендей) үрпақ тәрбиесіне талай нәрселер табуға болады. Әйттеуір бір қажетіңе жара-

ған әдебиет атаулының мәңгілік ғұмырының өзі осында. Да-рытқан сабағында. Мен сізді жалпы түсініп отырмын. Күні өткен қуат дерсіз, ештеңе етпейді. Ал, біз ойлайтын қуат үғымы әдette адам бойынан тек қартайғанда ғана сыр алдыруы мүмкін. Бір кездерде өз құдіретін еркін таныта алған әдеби сын шын мәнінде болғанына шәк келтірмесеңіз, онда ол еш уақытта тізгінін босатуға, қажуға тиіс емес. Мен өз басым әлі күнге дейін көп шындықтың парқын білмеген, толар-толмас туындыларымен сусып бара жатқан абырой-беделді қайта құру деп қайткенде де қайдағы бір жікшілдік, тобырлық са-рынмен қорғалап қалуға жаңын салып жатқан өз ортамыз (өкінішке қарай – көвшілік) жағдайымен санааспасқа амалың болмағандықтан ғана сіз айтқанға қол қоя аlamын. Бірак, осы бір жолайрық шақта баспасөз еркіндігін, билігін әркім өз мүддесіне қалай бейімдей бастағанын, кімнің кім, қай шығар-ма қандай екенін жете сарапал, біржола түстеп көз жеткізіп барып, әдеби сын бәрібір нағыз күшіне енеді деп ойлаймын және бұған үмітім зор. Сынның болашағы алда. Бұл – уақыт-ша толас. Қекіректе бәрін пісіріп, таразылау толасы ғана. Қазак-та “аты айналып қазығын табар” деген бар. Осы жаңа сез өткеніміз, әдеби сынға деген қоғамның тұра сұранысының су-сар шағы енді тұмасқа шарасы жоқ.

Өмірдің және бір заңы – адам қашан да шыққан бигінен адасып қалмауын аңсайды, төменшек тартқан түсын сезсе на-лиды. Ал, үндеңеу – қуатын қолдан беру емес. Үндеңей оты-рып та айтылатын әңгіме, қорғалатын абырой болады. Аңсау бақыты бүйірған адамның бойында дем берер бірдене сақ-талған жағдайда, бір кезде өзі жеткен сол биіктен асып түсу бәрібір оның бұлжымас арманы бол от ала бермек. Арман тек құрғақ қиялға айналса ғана әлсіз, ал, ол өмірге, ортасына өзінің соншалықты қажет екенін жете сезініп, бойдағы жігерімен ұлас-са, сез жоқ, әулетті күшке айналары хақ. Біз айтып отырған сынның уақыт теперішінде көзі ашылып қордаланған бәлкім келешекте қорланбауы үшін де намысы қайрап жаныған қуат-жігері болашақта оны дәл осында құдіретті күшке айналды-рады деп сенемін.

Әрине, қазіргі заман талабына, дәлірегі – біздін тарихи көп тұстардан бейхабар, актаңдақ тіршілігімізге байланысты әде-би сынның мерзімді баспасөз беттері мен толассызың жарыққа шығып жатқан жеке басылымдар да сәл-пәл екінші қатарға ығысқандай сезілер себептерін де іздестіріп көруге болады. Біз халықтар тарихын әдette түрлі-түсті адамдардың ғасыр-лар бедерінде тоғысұы, табысұы деп білеміз. Шын тоғысұы мен табысұы, яғни тарихтың қалтқысызың танылуы, әлбетте, қашан да тек түмшаланған тағдырлар сана сәулесі, зерде естелігімен, нақтылы деректерімен көзге көрініп, құпия көмбенің теңі шешілгенде ғана жүзеге асады. Халық жадында астыртын

сақталған асыл қазыналар, жасырын сырлар кешеуілдеп болса да енді-енди әйтеуір ел иғілігіне айналып жатыр. Бірін-бірі алмастырган әркілы өulet, үрпактар шежіресінің қыруар хикаялары. Ендеше, осы тұп-тегінди, тектілігінди тану шеруі дәл қазір әдеби сыннан да басымырақ басты тақырыпқа айналуы – мейлінше занды. Біз тек солардың қай-қайсында да үлттық ой-санамыздан бұрмаламай, өз түркімен өткізе білген кезде ғана оқушы қауым да өзі мен өзгенің кім екенін жете сезіне алмақ. Үл erekшеліктерді терен түсінбей, тегіміз бен халқы-мыздың бастауын, батырлығымыз бен сара билігіміздің негізгі темірқазығын анықтап білмей, біз тарих деген ит тұмсығы өтпейтін қалың орманда жол таба алмай адасуымыз мүмкін. Біздің жазушылар да, оқырмандар да, сыншылар да осыдан сақ болуы керек.

Қазіргі тарихи толғаныстар мен сынни сарапқа зер салсак, мерзімді баспасөзде, жеке басылымдар түрінде ірілі-уақты талай мақалаларын, кітаптарын жариялад үлгерген авторларымыздың біразы-ақ тарихи танымға ғұмырын арнап, сарсылып зерттеушілер емес, тарихты сәтіне қарай оңтайына алып, дірменге тартып, мықтағанда әйтеуір ақ-адал пейілімен бір кітаптан бір кітапқа көшірушілер, насихатшылар екен. Екінші бір назар аударар жай, өзімізден әлдебір ғасырлар бұрын дуниеден өткен ата-бабаларымызды бір-жар деректің қарасы шалынды деп, оның өзінде де байыбына көп бармай, онды-солды, орынды-орынсыз дәріптеуге тым бой алдырып жіберетініміз бар. Тексіз ата болмайды. Заманың белгілі бір елеулі кезеңінен өтерде бұның бәрі ауадай қажет-ақ. Үл тіпті біздің жете білсем-ау деген бүгінгі тандағы сусаған бір сұранысымыз, аңсаған бір арманымыз. Әйтсе де, әр рудан қалайда бір тосын батыр іздел, әр ауылдан бір-бір би тауып, шын батыр мен нағыз әділ қазының парқын білмей, “тыңнан ашқанымыздың” қалқасында қалдырганымызға мәз-мәйрам болудан бойды аулақ салар сәттер де аңғарылып қалады. Садақ асынып, қылыш байланғандардың бәрін көzsіз пір тұтып, елін қорғады дегенді желеуретіп, дүрмекте аты шыққандарды қайткенде де бірінен-бірін асыруды дара мақсатқа айналдырумен біздің парасат-байлығымыз, зиялышығымыз танылмайды. Осыларды сарапал, әркімнің тиесілі орнын алып беру тарих сынныңда, әдебиет сынныңда, қасиетті парызы деп санаймын.

Біз көnlіміз ауганды қол-аяғын жерге тигізбей беталды дәріппеп үйренген халықпаз. Бірақ, өзінің жек көргенін атажұрт алапестей қалай аластағанын еске алар болсақ, жазықсыз біреуді өнменінен итермегенмен (асыра жалаулатуды еш аруақ бәрібір қаламайды), қазақ халқы тарихында қандай орынға ие екенін анықтайтындардың бәрі де әдебиет сыншысы бола алатынын әсте жадымыздан шығармайық. Әсіресе, көркем

шығарманың деңгейі мен өмірде алатын орнын шамалау көнілі ақ, көзі қарақты, білім ырысымен жан-жақты қаруланған адамдардың қолында деп білемін.

– **Соңғы сұрақ. Сынды қалай жақсартуға болады деп ойлайсыз?**

– Қара қылды қақ жарған әділетті сынды тек жанкешті сыншылар ғана жаза алады. Сын да, сыншылар да ең алдымен сұрыпталу белесінен өтуі керек. Сынның сұрыпталуы – әрине, қызмет бабыңың, ғылыми дәреженің көтерілуі емес. Кім не жазғанын, қалай жазғанын, кімді бағдар тұтарын, кітабыңың саны емес, сапасын үғынар үрпақ табылады және олар өз қалауын айқындай алады деп сенемін. Әдебиет сыншысының көлденең бір себептермен уақытша “тілі байланса” да, ол тіпті, жоғарыда айтқанымыздай, бойынан қуат, жүзінен әр тайғандығын аңғартпайды. Осының өзі – көбіне іштей тынып, межесін белгілер сұрыпталу сатысын тиянақтай береді. Меніңше, осы саралану үрдісі (сынның жасану, даралануының бір шарты) сырт көзге бадырайып байқалмағанмен, іштей тынынсыз жүріп жатыр. Шын мағынасында. Нағыз сын, менің үғымымда, бастапқы жазушы қалам тартқан, жоғарыда Л.Леонов айтқандай, сүйікті тақырып байлығын әрі қарай жандандыруши, қаламгерлермен жарыса толғанып, автор ойын үштаушы, кажетті жерінде тіпті жетілдіруші, дамытуши. Барлық кезде бірдей ол жазушыны, шығарманы тек түсіндіруші бол қала бермеуге тиіс. Осы талаптан шыға алсақ, онда айыңың оқынан тұа бастағаны. Көзі тірісінде өзінің парасат-зердесі мен ар-ожданын пір тұтып, артында қалдырар жазбаларымен келешек үрпақ алдында да жауапты екенін жете сезінген, кейінгілер күле қарап, қасиетті қаламының қор болмауын көкseyтін кез келген сыншы өзіне-өзі үялмай есеп беретін сәт туар деп ойлаймын. Сын жақсарсын деп сынды сую шарт емес, сынмен санасу шарт. Солай, Сәке.

Тамыр теренге тартылады, ал, тамыр тереннен тартыла алса...

– **Әңгімеңізге рахмет.**

1994 ж.

## I бөлім. КИЕЛІ ҚҰМШАРЫҚ

---

Көркемдік ой танымы: қазақ әдебиетінің көкейтесті мәселелері

“Сынның аты – сын. Ол – әдебиеттің құмшарысы. Шарыққа ұсталмайтын шалғы жоқ. Шарыққа ұсталмаған шалғының шаруаның тіршілігіне мұлде қажеті де жоқ. Біздіңше, сын атаулының қылп түсер қылыш деп түсіну – үшқары ұғым. Қиуды, жоуды ғана мақсат тұтса, сынның болмағаны. Сын – қайрақ. Оның от шашқан шақпақ-шырағына түскен қару өткірленіп, үшкірленіп, жүзі қыл қауып, жалтырап тұрсын”. – Мұны айтып отырған мен емес, көк желкемнен рухы төніп, құлағыма сыйырлап тұрған Мұқағали!..

*Автордың “Айтып өткен ақында арман бар ма?..” сұхбатынан*

## АЛТЫН БАСПАЛДАҚ

Адам өмірге тек жарық дүние ырыздығын татып, қарабас, қарын қамымен сыйбай-салтаң, өзін-өзі қызықтап өту үшін ғана келмейді. Үрпак қуанышының өзі сол бауыр еті – болашағын баянды ететін тәрбие жауапкершілігінен бастап, кедімгі Баубекше – жаралы жер, қаралы қайың, қанды көбік қан майданының өтінде жүріп те өзінің шыбын жанын сауғаламай, заман біздікі деп жер-жаһанға жар салатындаи, адамзаттың ашық аспанын, ар-намысын, азаттықты, адалдықты қорғап қалатындаи күш-қуат, ақыл-ой даналығы жолындағы ұлы мұрат, ізгілікті еңбек парызымен сабақтасып жатуға тиіс.

Николай Островский күрестен өткен өмір сұлулығын жырлады. Павел Корчагин әр пендениң пешенесіне бір-рақ рет бүйірар таңғажайып тіршіліктің қас қағым әр сәті үшін үрпақтар алдында үялмайтын, өкінішсіз, нағыз адам қайратының құдіретін үлгі етіп кетті.

Алтын ғасырына оқ атқан ата жауымен кескілесіп шайқасып жүріп, ұрыс даласында, бір толаста: “адам артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады”, – деп жазыпты Баубек Бұлқышев. Ол – фашизмге қарсы күресте қарумен ғана емес, қаламмен де Ұлы Отан соғысы жеңісіне үлес қосқан, жауынгерлерді жігерлендіріп, бақыт дүниесіне, келешекке қырау шалдырмау майданында дүние жүзі жастарының алдыңғы сапындармыз, тағдырын сеніп тапсырған кең-байтақ, алып Россия жері үшін деп қолбасыдай қайсаrlыққа қайраған ар-намыстың желбіреген жалынды туы. “Фаусты” мансұқ өткен, адам баласының асыл қасиеттерін қорлаған жауыздықтан өз заманын жаны шырқырап қорғап, жырма жасқа толартолмас қаршадай жігіт өмір мен ерлік өлімнің, төгілген қан, қасірет жасының, кек жолының мағыналық мақсатын айқын ұғынған бүкіл бір үрпақтың атынан сөйлейді. Аңыраған “Елім-айды” жер бетінен зұлымдықты жоюдың айнымас анты мен сертіне айналдырады. Өзі әлсіреп жатып, дәл іргесінде не үшін өлетінін білмей аласұрған ақымақ Фрицке: “Соғыста жылай ма екен, дыбысынды шығарма”, – деп азаттық солдатының өмір-үкімін жар қылады. Бірде бозамық таңда, бірде ай жарығымен ажалдың жүзіне үңіле отырып хат жазып, Шығысұлымен, сүйген қызымен ең аяулы сезімі, арман-

мұраты жайында сырласады. Сыр емес, бұл – жыр. Мәңгілік өмір жыры.

Күркіреген қауіп-қатердің астында Софоклден – Ленинге, Гомерден – Горькийге, Бахтан – Шостаковичке дейін адамзат қауымы мүсіндеген мәдениет байлығын бойға дәру тұтып, жиырмасыншы ғасырға қара таңба болып басылған қылмыс таңбасын – свастиканы ойсанадан біржола өшіру үшін от кешкен ерлік өмірдің бүгінгі, сексенінші жылдар үрпағымен қол ұстасып, бауырласып, болашаққа жол тарта беруге өнегелі, ұстаздық лұғаты үшан-теңіз. Өзі өлсе де, өлеңдерім өмір сүрсін деп, жазу дәптерін қарулас серіктепіне аманат етіп тапсырған тағдырлас татар жас ақыны сияқты, Баубек Бұлқышев: “Біз білімге тоймайтын адамдар едік. Біз қол бос болғандықтан, іш пысқандықтан емес, білімді болу үшін оқитынбыз. Адам баласы жасаған ұлы мұраны біліп алып, мұраға мұра қоса алатын мәдениетті адам болу үшін оқитынбыз. Біз оны істей аламыз, мұраға мұра қоса аламыз”, – деп, жан досының титімдей бөбекі жарық дүниеде бар болғанының өзі қиналған кезде қандай күш-қуат дарытқаның тебірене толғаған, артында өсіп келе жатқан бүлдіршін буындар келешегі үшін ойдан мұра қалдырған қасиетті тұлғалардың бірі.

Жастар жан азығы тұтар “Жас өркен” деп аталатын салмақты кітап – осындай ой мұрасының топтамасы. Баубек қорғаған ел, жер, бақыт дүниесін, жүзеге асқан арман-мұрат, үмітін күретамыр арқау етіп, оның өзін, барша тұғырластарын тәрбиелеген, шындаған біздің заманымыздың рухани мәдениет байлығы, бүгінгі өмір тынысына үласар сез өнерінің асыл шежіресі.

“Жалын” баспасы шарапатты бір жақсы бастаманы қолға алышты. Ауыз әдебиеті қазыналары мен жыр маржандарынан жеке-дара сұрыпталған “Қазақ балалар әдебиеті кітапханасының” алғашқы басылымдары (“Асыл сөз”, “Дауылпаз жырлар”) сүбелі осы жинақпен жалғасын тауып, жас үрпаққа үлкен өнер қуанышын сыйлайтын көп томдық, інжу-игліктің іргетасын ти-янақтай бермек.

Қай халықтың болмасын адамгершілік-ізгілікті мұрат тұтқан сез зергері қашан да қасиетті ойларын ең алдымен үрпағына арнаған. Шығармашылық тағдыры бірыңғай балалар әдебиеті мен бітекайнасқан қалам-

герлер дүниесің қыруар қомақты кітаптарға айналып, сөрелерді қайыстыра қаз-қатар сап түзейді әлі. Олар өз кезегімен...

“Жас өркен” – қазақ кеңес әдебиетінің шаңырағын көтеріп, идеялық нысанасын; шеберлік, шыншылдық сара бағытын белгілеген аға буын жазушылардың – алыптар тобынан орта буын өкілдеріне дейінгі көркемсөз тарландарының жалпы ел тағдырын толғайтын өміршең туындыларынан қазіргі жастар тәрбиесіне тікелей қызмет етеді деген, ілгері-кейінгі сан алуан бұлдірішін үрпақтар легі өзімсініп иеленіп, бауыр басқан шығармалар қорынан сараланған.

“Жас өркен” – бүкіл ізгі ниетті адамзат жиырмасынышы ғасырда айрықша мән берген құилы-қиян кезеңдер жемісін, қанаушылық бұғауынан босанып, жаңаша құрылыш үміті мен өз болашағын біршама баянды еткен азат халықтың шырғалаң өмірін, ауыр да азапты ерлік жолын, еңбек жолын, көzsіз сенім жетегінде рухы мықты қандай адамдар әулеті қалыптасқанын елі сүйген әр құилы суреткерлердің әр түстарда жазылған әңгімеловестері – шағын жанр шындығы арқылы көз алдыңнан қайта бір өткөріп, жалпы заман тынысының біртұтас келбетін мүсіндеуді мақсат тұтқан.

Жинақ Сәкен Сейфуллиннің – әйгілі қаламгердің “Бандыны қуған Хамит” әңгімесімен ашылуы жайдан-жай емес. Бізге жеткен нұсқасы әлі де аяқтала қоймаған шығарманың қуатты бір үзігі тәрізді сезілгенімен, соның өзінде сан тілде өз оқушысын жаза баспай тапқан, еркіндік жеңісін қанды шенгелден тістесіп тұрып қорғап, ата қоныстан арам пиғылды аластаған батыл адамның әлеуметтік әділеттілікті орнықтыру жолындағы ерлік арпалысы өшкімді де бейтарап қалдыра алмайды.

Әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен бесасспап сөз зергери Бейімбет Майлииннің “Раушан – коммунисті” – тағдыры қызық шығармалардың бірі. Белгілі бір уақыттың адамдар санасына енгізген ғаламат өзгеріс-құбылысын бейнелей отырып, теңдікке қолы жеткен қазақ әйелдері қандай қофамдық күшке айнала бастағанын жалпақ әлемге жария еткен, ғасырмен бірге жасасып, бұрынғы-соңғы алуан түрлі үрпақтар тәрбиесіне тікелей әсерін тигізген сонау жиырмасынышы жылдардың тарихи нақты айғағы, шыншылдық көркем дерегі деуге болады. Бүгіндер бұл хикаяның біз

тек сан жылдар бойы қайталап қаралып, толықтырылып, повесть түрінде мұсінделген соңғы нұсқасын ғана білеміз. Ал, оның жазылу тарихы талғампаз қаламгердің сөз өнеріне қаншалықты ұқыпты, жауапты қарағанын, өмірге, өнерге көзқарасы қалай толысып, қалай кемелденгенін жете тануға біршама жол ашып бергендей.

Алғаш 1923 жылы Қостанайда – “Ауыл” газетінде жарияланған әңгімеде уездік съезге өкіл болып сайланған Раушанға әдет-ғұрыпқа керегар қылышы үшін ошақ басты өсек-аяқ атой салатын. Мұнда таптық терең тартыс жоқ. Бірақ, соның өзінде келіншекті жазғырған ауыл әйелдерінің өзара жіктелу бағыттары сезілмей қалмайды. Мосқалдау жағы “қалада сүйген жігіті бар” сыпсыңын салық қылышп, бет шымшылап, кәпірлік мөрін басып жатса, жас-желең келін-кепшіктер жария сезідің жұмбақ жылудына елтіп, іштей тынса да, тосын жаңалыққа кәдімгідей елең еткендей. Гулеген қысыр кеңес, билікке араласса бетімен кетіп, айрылып қалам бадеп зәре-құты қашқан қапалы күйеу, зілсіз күлкі, жаймашиақ, жадыраңқы өзілмен-ақ жазушы ел адамдарының сәбілік сана-сезімін дәл жеткізіп, әңгіме сол өз кезеңінде де рухани сүйеніш болар бір міндетін мінсіз атқарған.

Қаламгер бірақ мұнымен шектелмейді. Өмірге белсене араласа бастаған қазақ әйелдерінің әлеуметтік өрісін кеңінен толғап, бітті деген дүниесін тубегейлі қайта қарап, толықтырып, 1927 жылы “Әйел тендігі” журнальында осы хикаяның жетілген, жаңғыртылған келесі бір нұсқасын жариялаттырады. Еркіндік қарлығашының Орынборға оқуға аттанып бара жатқан шешуші сәтімен аяқталатын осынау ұзақ әңгіменің күндердің күнінде жазушы шеберханасында бастан-аяқ үстемелеп тағы да қорытылып, көкірек көрігінен өтіп, талай тараулар қосылып, болаттай суарылған, повестьке айналған ғажайып құбылысы – Бейімбет сынды хас шебердің ғана жүрегі дауалайтын, шын мәніндегі талғампаздық, жауапкершілік тағылымы деп білеміз. Бәлкім, бұл ғұмырын ұзартар өнер игілігінің талайының маңдайына жазылар ауыр да азапты қалам еңбегі михнатының өнегелік нақтылы бір дерегі болар.

Біз оқып жүрген бүгінгі повесть – сезім, сана қақтығысын, керегар қайшылықтар тайталасын арқау етіп,

жердің тартылыс күшін жеңгендей, надандық, ескілік шырмауынан босаңған, ел ісіне, қоғамдық парызға қалтқысыз берілген ұрпақтар әuletі жетіле бастағанын дәлелдейтін, оқудан оралған Раушанды бүтіндей тазарып қарсы алған Бекендей адамдар өзгерісін үлгілейтін сыршылдық сөз өнері қазыналарының, бірі.

“Жас өркен” жинағы туған әдебиетіміздің ұлан-асыр қырынан талай дүниелердің басын біріктірген. Мектеп қабырғасында-ақ санамызға сіңіп, көкірегімізге біржола ұялаған С.Мұқановтың, F.Мұсіреповтің, F.Мұстафиннің хрестоматиялық түншіліктері – қазақ қаламгерлерінің азаматтық нысанасын жете танытар “Алтын аймақ”, “Талпақ, танау”, “Еңбек бірлігі”, тіпті бұл жинаққа енбеген, кейінірек жазылған “Боранды түнде” мен “Аяз қарт” хикаяларына дейін – жиырмасыншы ғасырдың саяси, тарихи өмірбаянына өзгеше мағына дарытқан ел тіршілігіндегі түбекейлі өзгерістің, өмірге, дүниеге көзқарастың қылышы кезеңдерін, ерікті еңбек, өз қолыңмен сомдаған иғлік берекесін, ел-ана, жер-анамен тағдырлас адамдар құбылысын өр қырынан бейнелеу шыншылдығымен өлі талай ұрпақтар қадесіне қызмет ете берері даусыз.

Әзілхан Нұршайықов толғанысындағы қастерлі ғұмырғибраттары ғана емес, Ә.Әбішев, З.Шашкин, Х.Есенжанов, С.Шаймерденов, З.Шүкіров әңгімелеріндегі жеткіншек-бұлдіршіндердің үлкен өмірге дайындық көріністері де түрлі-түсті тіршілік тынысын қаз-қалпында жеткізіп жатыр. Мұның бәрі тарихи бір сабактастық желілері.

Басыңдағы баянды бақтың қадір-қасиетін жете ұғынып, бағалай білу үшін, әрине, өткеніне көз жібермей болмайды. Жинақты құрастыруши тағдыр шырғалаңының сонау бір ызырықты іздерінен де бояуы қанық біраз суреттер сұрыптай алған. Ұрпақ жадында сақталар қызметі Сәкен Сейфуллиннің белгілі шығармасы “Тар жол, тайғақ кешуде” баяндалатын, қазақ өмірінен, шетел тақырыбында сан алуан ғұмырлы түншіліктер берген Сабыр Шариповтың Қазақ автономиясының XV жылдығына арнап жазылған “Көмен” әңгімесіндегі талшық дәмге зар болып, қырыла жаздалап, қызылдар құтқарып қалған жадау ауылдың аянышты халі мен Ғабиден Мұстафиннің “Күлмеген адамындағы” тіршілік азабы көңілінді құлазыта отырып қайрайтын, заман ағымы

өзгерісі маңызын еселеп айқындаған түсетін шынайы көріністер.

Сол сияқты, езілген ел, қара қонысын сүм тағдыры-дың құрығынан құтқарам деп ат жалын тартқан ар-на-мыстың, арман-ұміттің бәрі қараң қалып, жетім жұртта өкініш пен күдіктен өзегі өртеніп, өрісі тарылып, опа-сыздықпен ақыры опат болған Махамбет трагедиясын толғайтын Тәкен Әлімқұловтың “Қараойы” қандай! Атадан балаға мирас болып қалар өнер қуатын, жарлы шаңыраққа жылу дарытқан бір шабыт сөтін бейнелей отырып, әлеуметтік теңсіздік мұғын жеткізетін Тахауи Ахтановтың “Күй аңызы” қандай!

Осының бәрі ғасырлар бойы ата-бабалар ащы со-рын жұтқан кер заманың кескін-келбетін жан сарайы-ыңмен егжей-тегжейлі сезінуге жеткілікті жолбасшы болмақ.

\* \* \*

Бүгінгі парасатты үрпаққа оқылған шығармадан ой түю ғана емес, үздік туындылардың туу тарихын, тағ-дырын, жаңағы Бейімбет Майлін повесі сияқты жазылу, кемелдену кезеңдерін, түтеп келгенде, өзінді тебіренткен сүйікті суреткеріңің қандай адам екенін, өнегелі өмірін, тұлғалық табиғатын жан-жақты танып-білу де, үлгі ету де парыз.

Әлем әдебиеті шамшырақтарының біріне айналған, ұлы туындылары адамзаттың ақыл-ой інжу-маржандары қорынан орын алып, шығыс “Иллиадасы” ретінде бағаланған, қalamгерлік, еңбекқорлық тәлімін замандастарына, келер үрпаққа мәңгілік мұра қылып қалдырыған Мұхтар Әуезовтің “Көксерегін” қайталап оқудың өзі неге тұрады! Жазушы өз қолымен жазылған өмірбаянында алғашқы балаң, шәкірттік шақта көкірек көзін оятқан қыр өмірі құбылыстарына айрықша мән береді! Шыңғыстаудың жоталы жазирасы күндердің күнінде өз шежіресін алтын әріппен айшықтайдын жұдырықтай сәбиіне жарық сәуле, жұпар аяу, ана сүтімен бірге ел тіршілігін қалтқысыз қадағалар үлкен жүрек, ізгілік нұрын, ырыздық-несібесін аямай дарытқан да, айдау жолға салып, он жасқа толар-толаста-ақ баянды болашағына біржола бағыттап жіберген.

Жазушы Семей мектебі мен демалыс кездерінде елден естіп-білген ұмытылmas әсерлер тағылымын сөз

ететіні бар. “Жетімдегі” шарасыздық сияқты, көзбен көріп, көкірегімен түйген қорлық азабы да аз емес еді. Қыр өмірінің мөп-мөлдір тазалығы, дарқандық, даналығымен қатар, қабырғаңды қайыстырар керегар қайшылықтарын жете сезіну үшін де бала Мұхтарға өз атамекенінен бір сәт дөң асып барып, Семей биғінен – білім бастауынан, ақыл-ой асқарынан қазақ даласына көсіле көз жіберу қажет болған. Жасөспірім шәкірттің тырнақалды шығармасының өзі көзбен көрген жойқын жаратылыс сүмдышын, дауыл-дүлейін суреттеуден басталған. Табиғатпен телқоңыр бала бүркіт томағасын сыпсырып, түз қыраны емес, біржола қалам қыранына, өнер қыранына айналу үшін о басында осындай табиғаттың құдіреті күшті төл мінезін танудан қуат алған. Сол таным қуаты келе-келе ой-өріс жылғасының бұлақ-көзін ашып, жұмыр жердің бетіндегі жақсылық шарапаты мен сорғалаған көз жасының сыршылдығын, ерлік пен ездікті, азаматтық, адамгершілік қадір-қасиеттер мен қиянат-қысастықты, шырғалаң адамдар тағдырының бағы мен сорын, қуаныш-қызығын, қасірет-қайғысын егжей-тегжейлі сарапқа салар, өнер тілімен үрпақтар мұратына қалам тербер, қайсарлық сол еңбегі мен абырой-даңқы дүниенің төрт бұрышын түгел шарлап, ізгі жүректі адамзат қауымын толғандырар ұлы дарынның старт алаңын дайындаған берген.

Жазушының ағасы Ахмет Әуезов “Жас Мұхтар” дейтін естелік кітабында “Көксерек” хикаясының тууына түртпек болған, бізге әр түрлі сарындарда жеткен нақтылы бір деректі келтіреді. Аңшы Ағзам – алдарындағы естияр ағаның, ет жақын туыстың бірі болғандығы үшін ғана емес, әсіресе, бала Мұхтардың сүт сезіміне, қиялына қанат байлап, саятшылық, аңшылық өнерімен қуаныш-қызығын қылдай бөліскең үлгі-өнегісімен де дәйім қадір тұтуға лайықты кісі екен. Қаражат жинап, Керекуден Мұхтардың өзі алдыртқан оның Аққасқа сырттаны жұртшылық жадында туасы бөлек ит атаулының бірі бопқалмай, сәті түскен шағында өшпес естелігімен, ұмытылmas әсерімен өнер игілігіне айналып кетерін ол кезде кім білген.

Қыр төсінде мал-жанға қырғидай тиіп, бейбіт елдің берекесін қашырған қисапсыз қорқау қасқырлар, солардың жұлдының үзген Аққасқаның алғырылығы – ел аузында айтылып жүрер түрлі-түсті аңыздың тоқайласар бар шындығы осы ғана болатын. Бірақ, ол ауызекі

жай аңыздар күйінде қалмай, араға талай жылдарды салып, қылшылдаған жігіт шағында қызулы қаламды – жазушы Мұхтарды жақсылап тұрып қайтадан бір сілкіндірген де, мағына-мазмұны мұлдем басқаша, әлеуметтік астары терен, мөлдіреген мейірім-махабbat, ізгілік шырағы (Құрмаш желісі) мен опасызыдық, жыртқыштық (Көксерек желісі), жалпы зұлымдық пен зауал тақырыбында тебірентіп толғандырар ой көмбесін қазбалauғa себеп-салдар болған. Өмірлік тәжірибе мен қыр өмірі қайшылықтарынан өсіп-өнген, дүние жүзі әдебиетінің таңдаулы үлгілері қатарынан орын алар кәдімгі біз білетін “Көксерек” туған.

Өнер шығармасы жаратылысынан сыр тартамын деген жастар осы “Көксеректі” тағы бір ойланып оқып, біз тілге тиек еткен өмірлік нақтылы дерек пен қаламгердің білім-парасаты, суреткерлік қиялы айшықтаған көркемдік шындықты өзара салыстырып көрер ме еді. Жолашар сездің мақсаты бағыт-бағдар беру деп үққандықтан да, дәл осы арада, әрі қарай ежіктеп жатпай-ак, әңгімеге оқушының өзін тартар, ой қазығына қозғау салар сауда үшіншін әдейі ашық қалдырдық. Джек Лондонның “Ақ азуын”, Э.Сетон-Томпсонның жануарлар туралы әңгімелерін, тіпті, бір кезде, М.Әуезовтің алғашқы балаң қиялына дем берген Л.Толстойдың “Бүркіт”, “Акуласынан” бастап, С.Аксаковтың “Тазысы”, “Орынбордағы мылтықты аңшы жазбаларына” дейінгі рухани тәрбие бастауларын – бәрін-бәрін қаз-қатар жарыстыра қарастырып, сол шоқ жұлдыздар көрмесінде “Көксеректі ” даралар қадір-қасиет, нышандық шыншылдық, әлеуметтік ерекшеліктің қандай екенін әркім өз бетінше, өз түсінігі, өресі тұрғысынан іштей бір саралап байқауына септірі тисе де, “Жас өркен” жинағы өз парызын өтейді деп білеміз.

Бүгінгі жастарға әскери-елжандылық тәрбиесін беруде өмірі мен қаламгерлік өнері үлгі-өнеге боларлық халықтың қалаулы үлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы. Сұрапыл соғыс жылдарында батылдық-тапқырығымен, ғажайып қолбасылық қасиетімен ірі құрамалар командирлігіне дейін көтерілген, ерлік жолы ел аузында аңызға айналған әйгілі майдангер осы күні кешеге шейін өз ортамызда іріліктің, шыншылдықтың аймаңдайы бол жарқырап жүріп еді. Халқымыз жаужу-рек жауынгерімен ғана емес, жаны жырлаған аяулы

жазушысымен де қоштасты. Мәңгілік сапарына шыға-рып салып тұрып, мәңгілік мирас болып қалар ерлік өнегесі мен өлмес шығармаларына тағзым етті.

Бір сәт тағы да ойланып көріңіші, Бауыржан туралы қаншама кітап жазылған. Көркем әдебиет, театр, кино... Байтақ еліміздің, жұмыр жердің түкпір-түкпірінде мың-миллион көрермен-оқушы кітап сөресінен, сахнадан, экраннан қаһарман халық перзентін қызықтап жатқанда, сол өнер туындыларының көзі тірі кейіпкері дәл іргемізде, жып-жылы ұясында, Алатаудың ұшар басына көз тастап қойып, қарулас серіктерінің – Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ерлік шежіресін жазып отыратын, тас-түйін туысқандық, бірлік пен достық дастанын толғап отыратын.

Көп ұлтты кеңес оқушылары ғана емес, сонау мұхит төріндегі Куба халқы да сын сағатта сүйеніш тұтып, төл перзентіндей қабылдаған “Москва үшін шайқас” жазбаларының соңғы қайырмасы “Адам қайраты” деп аталағы. Адам қайраты! Жинақта өз алдына жеке-дара берілген шап-шағын осы әңгіменің жаңынды жадыраттар жылуы енді қандай! Аяқ-қолы добалдай, бура сан, аю денелі, олпы-солпы, еңгезердей Андрей-Әкімгерейдің бүкіл түркы – аты-заты, бас қондырысынан бастап, сейлеген әрбір сөзі, тындырдым деген шаруалары езу тартқыза отырып, бірте-бірте баурап алатыны бар. Өз аузынан тыңдағанда бір жердің бір жерге ауыстырылып, емдеу орындарының бірінен-біріне көшіп, елде қалған аяғы ауыр келіншегімен, ауру шешесімен хабарласудың да жылдар бойы қисының келтіре алмай, қайда жұмсаса, сонда, әйтеуір, ел қатарлы ұрыс даласында көптің бірі боп жүріп жатқандай тиіп-қашты әңгімесі “қайран қожыраған, аңқау қазағым-ау” деп елжірей аялаумен қатар, айрықша ілтифатпен қаруға еріксіз мәжбүр етеді.

Денесінде сау-тамтығы жок, он алты рет оққа байланып, жарақаттан жырым-жырымы шықса да сыр алдырмас, маңқиған осынау қара нардың қайсарлық қасиетін комдив Бауыржан Момышұлы жазбай шамалаған да, дәрігерлерге тексертіп барып, адам қайратының ғаламат бір көрінісіне куә болған. Быт-шыты шыққан балтыр сүйек, тесілген өкпе, сылынған сыңар бүйрек, сүбе қабырға, өлі де тұла бойдан алынбаған